

"GreenDorf" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 170 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "GreenDorf" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі жерінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы көлемі- 8116,324 га; меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2026 жылдың 07 қыркүйекке дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "GreenDorf" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

Ә. Арғынов

Қарқаралы ауданының әкімдігінің
2025 жылғы "3" маусымдағы
№ 170 қаулысына қосымша

"GreenDorf" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

қауымдық сервитут белгіленуге

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Кулькин М.Ж. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-065	1180,0	526,7945
2	Кулькин Ж. (тұрғын үйге қызмет көрсету)	09-133-034-037	0,6002	0,6002
3	Алдабаева У.О. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-125	2360,0043	229,5090
4	Кулькин М.Ж. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-066	50	50
5	Алдабаев Т.О. (тұрғын үйге қызмет көрсету)	09-133-034-034	0,1435	0,1435
6	Мухтаров Е.К. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-049	0,24	0,24
7	Садуакас С. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-094	972	48,8475
8	Алдабаев Т.О. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-032	3025	624,1423
9	Садуакас С. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-093	2000	31,8369
10	Босалқы жер қоры			6604,21
	Барлығы:		9587,988	8116,324